

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LZSQ5460>

***А. М. Смагулова¹, К. А. Толеубаева²**

^{1,2}Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1916-5799>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6003-1341>

*e-mail: aizada220513@gmail.com

ДРАМАТИЗМНІҢ ӘДЕБИ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ РЕТІНДЕГІ ПОВЕСТЕРДЕГІ РӨЛІ

Мақалада жазушы Д. Досжанның «Үрей» повесінің негізгі идеясы мен авторлық ұстаным, сондай-ақ шығарманың мазмұны мен пішіні бірігіп сияқты мәселелер жан-жақты қарастырылған. Туынды құрамындағы драматизм, оның туындау, айқын шарықтау сәттері, оған себепкер болған жайттар бейнеленген. Аталмыш мақала адам адам болып жаратылғаннан бері ымырасыз тартысқа түсіп келе жатқан жақсылық пен зұлымдықтың текетіресін, одан туындайтын түрлі драмалық коллизияларды әр кейіпкердің таным, көзқарас, ниет, мінез, пәйілы мен іс-әрекетін көрсету арқылы яғни солармен тығыз байланыста, органикалық бірлікті көрсетуге арналған. Драматизмнің әдеби-эстетикалық ұғым ретінде повесть жанрында алатын өзіндік орнын айқындау мақаламыздың мақсаты болып табылады. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, типологиялық байланыс әдістері қолданылды. Тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдар, бұрын бәлдеуі нарықтық қатынасқа қатысты тәжірибесі жоқ жас мемлекеттің аяғынан тік тұруы, басқа елдермен байланысы, атқарушы биліктің жұмысы, іскер, білікті, рухани тұрғыдан биік, таза жандардың белсенділігі, сонымен қатар, озық та озат идеяларға қарсылық, тасада тұрып тас ату т.б. келеңсіз жайттар алуан түрлі драмалық коллизиялар ауқымында көрініс тапқаны ғылыми тұрғыдан дәйектелген. Зерттеудің нәтижесінде негізгі идеяны оқырманға ұсыну барысында қаламгер қолданған көркемдік тәсілдер жүйесі тиісті саралаудан өтті. Сонымен қатар, драматизмнің әдеби-эстетикалық ұғым ретінде повесть жанрында алатын өзіндік орнының ерекшеліктері талданды.

Кілтті сөздер: эстетика ұғымы, типология, тартыс, жанр, жалғастық қырлары, идеялық бағыттастық, сарындастық.

Кіріспе

Қазіргі қазақ әдебиеті – көркем мазмұн мен пішін әрі идеялық концептуалдық тұрғысынан да жаңарған, толысқан әдебиет. Ұлттық рухтың жаңғыруы әдебиет әлемінде игі өзгерістер мен құбылыстарға жол ашты. Егемендіктің жариялануы бұрынғы саяси идеологияның салдарынан бұрмаланған ұлт тарихын қайта зерделеуге, тарихтағы және жалпы руханияттағы (дін, тіл, мәдениет, әдебиет) ақтаңдақтардың орнын толтыруға мүмкіндік берді. Қазақ әдебиеті соңғы ширек ғасырда біраз белестерді бағындырды. Қазіргі қазақ повестеріндегі драматизм көрінісі мен оның қызметтеріне көңіл аударып, басты мәселелерді жан-жақты таразылаудың жөні бөлек. Қоғам бейнесі, кейіпкерлер жан дүнесі, сондай-ақ қым қуат қайшылықтар қазіргі қазақ повестеріндегі айқын көріністері арқылы жазушы көзқарасын ашудағы драматизмнің орны ерекше екендігін көрсетеді. Шығармашылық адам мен шығармашылық шеберліктің не екенін түсінуде әдеби шығармалардың мазмұны мен құрылымына тереңірек енуге мүмкіндік береді.

Тәуелсіздік жылдары дүниеге келген қазақ повестері а) кешегі тоталитарлық тәртіп қағидаларының аз да болса сақталу элементтері болса да, еркіндікке қол жеткізді; ә) бұрынғы уақыт аясында жазуға жол таппаған, алайда көкіректе әбден сақталып, ұзақ уақыт толғандырған проблемалар жариялылықта жол тартты.

«Еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдар әдебиетінде жаңа бетбұрыс байқалды. Жаңа заман лебі дүниеге жаңаша көзқарасты қалыптастырды. Әдебиетке жаңа қаһармандар келді, өмірді бейнелеу кеңістігі кеңейді, философиялық сарын, драматизм күшейді» [1]. Егер драматизмнің әдеби-эстетикалық категория екендігі сонау ертедегі Аристотельдің еңбегінен аз да болса бастау алғанына, - барлық зерттеушілерді тізбей-ақ қояйық, - бертіндері Белинскийдің драматизмді үш тектің соңғысындағысымен тұтастықта қарастырғанына, сондай-ақ қазақ ғалымдарының ішінде Р.Нұрғалидың әдеби әрі эстетикалық категория екендігіне анықтама бергеніне, Т.Есембековтің ішкі буырқаныстың көркем туындыдағы теория қарастыратын компоненттермен тығыз байланысты зерттегеніне ден қойсақ, аталмыш мақаланың басты мақсаты айқындала түседі: ол- әдеби үрдістің қатып қалған, метафизикалық сипатта болмайтындығын, үнемі даму, жаңғыру, өзгеру қасиеттеріне ие үрдіс екендігі. «Дамудың жаңа сапалық кезеңіне бірден көтерілгенде ұлттық сана ерекше өзгеріске түседі. Оның алдынан әлемнің барша халықтары жинаған қазыналар ашылады»[2]. Ендеше, ел тәуелсіздігі қарсаңынан бастап, бертінге дейінгі тың повестер соңғы теориялық ережеге, адам-қоғам-уақыт ұштағанына сай талдануы негізгі мақсат болып табылады. Адам өміріндегі өзгерістер қарама-қайшылықтар мен тәжірибелер тудырады. Олар қоғамда

ашық қақтығыс болып көрінбейді. Көбінесе жеке, тұрмыстық, махаббат хикаясы, отбасылық қатынастарда кездесетін адам мінездерінің қасиеттерін байқатады. Жеке адамның тағдыры мен тартысы жазушы үшін қоғамдағы ушыққан мәселелердің көрінісі. Мұндай тартыстардың шығармашылық репродукциясы әртүрлі дәуірлердегі көркем әдебиетте кездеседі.

Материалдар мен тәсілдері

Зерттеу барысында көркем шығармадағы драматизм мәселелерін қарастырған Р. Нұрғали[3], Т. Есембеков[4], С. Ордалиев[5], К. Жүсіпов[6], А. Темірболат[7] және де қазақ повестерін талдап, саралаған А. Ісімақова[8], К.Хамзина[9], Г. Балтабаева[10], К. Нұрғали[11], Г. Орда[12] т.б. еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдамаларға сүйендік. Сонымен қатар талдауымызға арқау болып отырған өзіндік қолтаңбасы бар көрнекті жазушы Дүкенбай Досжанның шығармашылығын зерттеген А. Мұсаевтың[13], С. Досжанованың[14], С. Сейденованың[15] т.б. әдебиеттанушылық зерттеулері назарға алынды. Кешегі мен бүгінгі тарихи-салыстырмалы, типологиялық байланыс әдісі тұрғысынан пайымдауды көздедік.

Нәтижелер және талқылау

Повесть жанрының тәуелсіздік жылдарындағы дамуын айтқанда, бірнеше жайтқа ғылыми сараптама жасағанымыз абзал, олар – бодандық тұсындағы қаламгер мен тәуелсіздік таңы атқан соңғы уақыттағы қаламгер шығармаларындағы қос қоғамдық құрылымның әсерінен туған ширығу. Драматизм, яғни екі уақыт аясында ғұмыр кешкен жазушының ішкі суреткерлік әлеміндегі драматизм. Яғни екіұдай ой;

– санасындағы белгілі бір дәрежеде азы-көпті тартысқа түсіп, драматизмнің биік белесіне шыққан жазушының нақты хал-ахуалының оның туындыларында көрініс табуы.

– біз қарастырған повесте драматизмге өзек болған жайттарға тоқталғанда типология мәселесін айта кету қажеттігі дер едік. Ал, типология (грек тілінен шыққан) «...классификация предметов или явлений по общности каких-либо признаков» [16, 496-б.] екенін ескерсек, ертелі-кеш жарық көрген дүниелердің біраз сипаттарына орай және нақты бір жазушының шығармаларының өзінде де сондай байланыс (типологиялық) болатынын есте ұстағанымыз абзал.

Алғашқы тұжырымымызға М. Мағауин, Д. Досжанов, Қ. Жұмаділов, Қ. Түменбаев ...т.б. жазушылардың повестерін жатқызар едік. Екінші қорытындымызға сол жазушылардың идеясы, сарыны, мазмұны мен бағыты ортақ төл туындыларын атар едік.

Дүкенбай Досжанның «Үрей» туындысын талдау барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік:

- автордың және өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап, ұлттық әдебиетке келген қазақ қаламгерлерінің повестерін жан-жақты талдай, бәріне ортақ идея мен сарындастық, бағыттастықты аңғардық, олай болуы заңды да, себебі, Д. Досжан және оның тұтастарының повестері, негізінен, еліміз тәуелсіздік алған жылдан бері қарай жарияланды, демек, өзің өзгеге бодан болып тұрғанда дүниеге келетін туынды мен еркіндікке қол жеткізгенде жарыққа шығатын шығарманың ара жігіне саралау жүргізіп, қоғам мен қаламгер, тоталитаризм мен жазушы, замана талабы, уақыт тынысы, өнерді жасаушының ой-санасындағы сілкініс пен серпіліске зерделеу жүргіздік;

- адам мен ол тудыратын руханият өнімдеріндегі түрлі оқиға мен құбылыстар, сана еркіндігі мен тәуелділігі; таным мен талғам, тәлімді повесте ауқымына алатын драматизм ұғымына тек жекелеген адамдар арасындағы күнделікті келіспеушілік т.б. ұсақ мәселелер тұрғысынан емес аса ірі проблемалар, нақтыласақ, сол адамның мінезі, пиғылы, ниеті, танымы т.б. жайттардың, әлеуеттік теңсіздік, дербестік, адам болмысына әу баста ұя салатын ізгіліктің дамуы, жетілуі немесе кері кетуі сияқтылардан пайда болатын ірі конфликт т.б. жайттардан тұратынына ден қойдық;

- сол арқылы адам-қоғам және наным-сенім т.б. жайттарға жазушы повесіндегі көркем бейнелер, ой-санадағы олардың толғамы, жекелеген келеңсіздіктер болса да, олардың зардабы, әділет жолының баяу болса да эволюциялық дамуы т.б. проблемаларды пайымдай алдық.

«Үрей» – теория тілімен айтсақ, өзіндік, автор толғамынан туған кіріспесі бар повесть. Белгілі бір дәрежеде кіріспе экспозиция қызметін де атқарып тұр. Өмір тәжірибесіне негізделген қағидаға айналған тұжырым бар сол алғы сөз іспеттес кіріспеде.

Шығарманың құрылымдық бөлімдеріне, яғни сюжеттік-композициялық желісіне арқау болған жайттарға түсініктеме беріп тұрғандай әсер қалдырады. Өңгіме құрылысында бірнеше сюжеттік желі бар, алайда олардың барлығы да бас қаһарман Шұғайыптың төңірегіндегі оқиғалармен тығыз байланысты. Бәленбай елден ерекшелее, тосын боп немесе детективтік, сыры, құпиясы мол болып көрінетін сарын да бұл шығармада байқалмайды. Адам өмірінде болып жататын жайттар негізгі өзекке арқау етіп алынған. Көре алмаушылық, қызғаныш, күндеу, күштінің бабын табу үшін қырық құбылу, жасандылық, мүләйімсу, жымын білдірмей зұлымдыққа бару, өзгеге көрінбей ор қазу – бәрі де тек үкіметтегі Протокол басшысының ғана маңдайына жазылған әрекет емес. Олар көп. Ал, ол – жиынтық бейне. Жоғары заңгерлік білімі тек арыз жазуға айрықша қабілетті боп жараған алматылық жігіт, денсаулық сақтау мекемесінде есеп-қисапты қадағалап, басшысының астынан ор қазған бухгалтер келіншек, ақ үрпек қыз (Шұғайыптың келіншегі болған), қала

басшысы т.б. кез-келген қоғамда ғұмыр кеше беретін жандар. Олар болған, қазірде де бар, бола береді де. Ондай жандар туралы әлемдегі кез-келген елдің әдебиетінде бар. Д. Досжан да бұл жайдан хабардар, ендеше, жаңаша бір тәсіл іздегенге ұқсайды. Мәтінге жіті үнілген жан бірнеше сипаттарды аңғарар еді, атап айтқанда,

– повестегі оқиға желісіне орай көзге бірден ұрып тұрмаса да, бірде баяу, бірде арнасынан асқан өзендей тасып, бірақ тез сыбырлаған драматизмді байқау көп нәрсені аңғартады. Және ол бірде авторлық баяндау, характерлі суреттеу, ой ағымы, психологизм т.б. көркемдік-бейнелеуіш тәсілдермен беріледі. Бұндай амал арқылы ішкі-сыртқы драматизмді беруге талпыну жазушыға оқырмандарымен ашық әңгімеге диалогқа баруға алғышарттар жасаған деуге толық негіз бар.

«Шың басына шыққан адамды ең әуелі ұлы тәкаппарлық сезім билейді (тәкаппарлық емес, ұлы тәкаппарлық). Сосын шың басына шыққан кісіні айтып – болмас үрей меңдейді» [17, 237-б.].

Бұлар – Шұғайыптың сөзі. Жазушы Астанадан Алматыға, одан Нарынқолға ұзақ жол жүріп кеп, ауруханадағы альпинистке жолығуы үлкен оқиғаның аңдатпасы және оқырманға жетер тартыс, драматизмнің беташары. Альпинист – символ. Шұғайыптың басындағы жайтты түбірлей зерттеуге бел байлаған жазушының тапқан қиялдағы бейнесі.

Тәкаппарлық пен үрей ... Қаламгер альпинисттің осы қас ұғымға қатысты пайымын басшылыққа алған да, сол ұғымдар бүкіл драмалық коллизияларға бастау боп тұр деп айтуға болады. Драматизмге арқау болғандар: Жақсылық пен Жамандықтың еш ымыраға келмес мәңгілік күресі; болдым, толдым деп, өзі де байқамай, күпіршілікке аңдаусызда жол беріп алған жанның сәл де болса, төңірегіне қарап, үрейленуі, тәубасына келуі. Бұнда тәубаға келу әр адамда әр қилы болуы ықтимал. Тіпті сондай күйді бастан кешкен адамның өзі де тәубама келдім деп ойламауы да мүмкін.

Шұғайыптың американдық саясаткер қартпен эфирде бетпе-бет кеп, тайсалмай сайысқа түсуі, оған өзін мойындатуы, үкімет басшысының назарына ілігуі, протокол басшысының талай адал жанды жазықсыз су түбіне жіберуі, алайда қаншама жерден көзін құртуға тырысып, қаншама амал қолданса да, әлі келмей қойғаны Шұғайып мойындауы т.б. жайттар повестегі бүкіл драматизмнің өзегіне арқау болып, ал ол әр қаһарманның өзі үшін шындықты іздеуімен орайластырылған. Д. Досжан повесінде өле-өше, жаны қалмай іздеп жүрген жан – Шұғайып. Және бір лауазымды жан бар ол – Премьер. Былайша қарағанда асқынған тартыс жоқ сияқты көрінсе де, автор Шұғайып, Айым, Өтеген, Жарылғап т.б. арқылы көзге көрінер, көрінбес тайталасты суреттей келе, оның өзі түрлі пиғыл, көзқарас, таным, мінездің әсерінен туғанын аңғартады да, жалпы адам өміріндегі драмалық

коллизиялардың жинақтаушы сипатын беруге күш салған. Автордың ой ағымы (поток сознания) арқылы оқырманды емен-жарқын әңгімеге тартуы да сәтті шыққан деуге болады.

Ой ағымы үлкен жүк көтеріп тұр. Өтеген жалғыз емес, қазір қызметінен кетті, ұсақ, бір нан табарлық шаруамен айналысып жүр. Алайда, ол пиғылдастар біткен жоқ қой. Олар сахнаға шыққан соң көкжиекте Шұғайыптың өзі болмаса да, сол Шұғайып іспеттестер пайда болады ғой, тіпті ақ үрпек атанғанның да заманы өтсін, себебі, мәңгілік ештеңе жоқ, алайда дәл сол пиғылдастардың шыға келмеуіне кім кепіл?!

«Жан баласына сенбе... әсіресе руы бөтен келін баладан сақ бол, қызмет – баспалдақ. Примьер үстелі – Хантәңірінің шыңы, сол шыңға баспалдақ қойып ұмтыла бер, баспалдақ басқышына ешкімнің табанын тірегізбе, тірсектен қағып төменге ұшырып түсіре бергейсің» [17, 271-б.].

Бұл – бұрынғы қала басшысының немере інісі Өтегенге айтқан ақысы. Қызметті Хантәңірінің шыңына теңеп тұр. Кіріспеде айтылған альпинистің шыққан шыңы да сол Хантәңірі. Оған да тәкаппарлық пен үрей туралы айтқызған сол шың емес пе еді?!

Осыдан келіп, авторлық ұстанымға үңілесіз. Адам болмысында, әсіресе, ол сыналар тұста, қауіпті сәтті бастан кешкенде үрей пайда болады екен, ал, қыранның қанаты талар биікке шыққанда, ерекше масаттанатыны соншалық, «тәуба» мен «қанағаттың» орнына тәкаппарлық басымдау түседі екен. Автордың өзі ұсынған ұстанға ден қойсақ, мына жарық дүние қамшының сабындай келте екен, тек қазақ қана мынау өмірді опасыз жалған деп атаған екен. Ендеше, адам періште емес, пенде ғой. Қате, кемістігі көп пе, аз ба, әйтеуір, жаңағы келте ғұмырда аз да болса игілікке негізделген ізі қалса ғой! Авторлық тұжырымдама осында. Және бір айтатын мәселе мынада. Жоғарыда аталған Тәкаппарлық пен Үрейді де әркім өзінше түсінеді. Повесте үкімет басшысының бейнесі бар. Эпизодтық бейне болғанымен, жазушы осы көркем бейнеге әжептәуір салмақ артқан.

«Ендеше, төмен ойлы Протокол хатшысының сабыр-күбіріне құлақ салып, ойымды бөліп не ғылам» деп іштей бекінді Үкімет басшысы, ауыз жаласқан... қулық ойлаған... қала әкімінің қызына емес, портфеліне, лауазымына үйленген... іш есебі мол... тірі жұмбақ... « деген кәкір-шүкір майда сөздер мен тыңдайтын нәрселер ме тәйірі! Өткінші желдің уілі-дағы. Шың басындағы тұлға өгіздей өкірген дауылға ғана құлақ салады. Тайфун дүлейі секілді мінездерді тандап, тауып тілдеседі» [17, 268-б.]. Лауазымды адамның ой-толғамы повест соңындағы эпилог іспеттес бөлімге ұласып, суреткер идеясының негізгі өзегіне пайымдауға жол ашып тұр.

Қорытынды

Пайымдай келе, бірден басын ашып айтатын, ден қоятын мәселе мынау деп білдік, ол – деректер жиынтығы. «Үрей»-дің бізге ұсынған дерегі тым мол. Себебі, мәселе Өтегенде, Шұғайымта, Элеонорда, Айымда т.б. повесть кейіпкерлерінде емес, басқада, нақтырақ айтсақ, кешегі Уақыт пен қазіргі Уақыттың (повестінде орын алған уақыт кезеңі) авторға неғұрлым мол, құнарлы деректер ұсынуы. Мақалада біз сол деректерді мейлінше ыждаһатпен пайдалануға тырыстық. Түйіндей айтсақ, осы уақыт кешегі уақыттың жалғасы. Олардың түсінігі, тыным-толғанысы, көзқарас-пікірі бүгінгі уақытқа өз кезеңінің көп деректерін ұсынып тұр. Осы деректер бізге материал берді. Неге кешегі уақыт аясындағы шығармалар ғаламат қуатты? Неге кешегі кеңестік дәуірде ерекше биіктен көрінген шығармалар бүгінгі тәуелсіздік уақыты аясында сирек? Біз осынау сауалдарға жауап іздей отырып, қос қоғамның ұстанымынан адам-уақыт-қоғам-сана төрттағаны бойынша деректерді екшеп, талдап алдық. Қос қоғамды сын көзімен шолып, танымал қаламгерлердің шығармаларындағы замана келбетін саралауға жетелейтін деректерге үңілдік. Қандай шығарма болса да, дерекке үңілетінін басты назарда ұстадық. Яғни «Үрей» кейіпкерлерін сомдағанда жазушы ұстанымна арқау болған деректерді жан-жақты шолдық.

Шығармада ерекше екпін түсіріліп айтылғандай, яғни «Күз басындағы биіктен құлай жаздап, желте ұша жаздап, құдай сақтап аман қалған Шұғайыптың мұң мен шері бір басына жетеді» [17] деген тұжырым повестегі бүкіл күрес, арпалыс, тартыс (ішкі, сыртқы), шарпысу – бәрі тұтасып келіп, драматизмнің ұлы сұлбасын құрап тұрғанын автордың оқырманға тікелей айтпаса да астарлап жеткізуі әрі түйіні. Тұжырым, қорытындысы. Шұғайып қолына кешегі замандарда алдаспан, найза алып, қан майданда кескілескен бабаларымыздың бүгінгі тұяғы десек те, ол заман мен «Үрейдегі» уақыттың ара қашықтықтығы өз алдына, саяси, тарихи хал-ахуалы да бірдей емес. Сондықтан да дәстүр сабақтастығы мен жалғастығын қорытындылау мақсатында автор осындай тұжырым жасаған. Ол – Шұғайыптың басыныдағы ғана емес, Шұғайып тектестердің, оған ұқсастардың, қажет десеңіз, жаңа уақыт пен қазіргі кезеңнің тұтас кескін-келбетін бейнелеуге деген авторлық шолу. Барлау. Бажайлау. Тұтас қоғамның қазіргі сәттегі толқынды картинасы. Алуан түрлі драмалық коллизиялар тудырып, Шұғайыпты ой-толғаммен іс-әрекет істеуге, жақсы, игілікті істерін ғана емес, пенде ретіндегі кемістіктерін де көрсетуге бағытталып, соларды көрсетуге таңдап алынған үкімет басшысы, ақ үрпек қыз Эллонора, Айым, Өтеген т.б. – бәрін-бәрін тұтастырып, авторлық идея төңірегіне «байлап, матап» қойған қуатты күш – Адамның жақсылық пен жамандық ұғымдарының арасындағы шекара-шекке үңілуі, безбенге салуы, өз таным

көкжиегін кеңейтуі дер едік. Қаламгерлік ұстаным мен ұстын, идея мен идеал, даралық пен жалпылық, тұжырымдама мен тұғырнама (концепция), қысқасы, салаланып кеткен желілер аз тұжырым қорытындысы бойынша жолын меңзеп тұр. Мақалада қол жеткізген нәтижелерді пәнаралық әдістеме ретінде қолдануға болады. Зерттеу барысында талданған әдеби шығармадағы драматизмнің жаңа білім мен ғылымдағы мүмкіндіктер көкжиегін кеңейтуде әдеби-эстетикалық рөлі бар.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Смағұлов, Ж. Қ.** Қазіргі қазақ прозасындағы романтикалық сарын [Мәтін] / Ж. Қ. Смағұлов, Б. Төребекова // Қарағанды уни-нің Хабаршысы. Филология Сер. 2012, № 2(66). – 107–111 б.

2 **Әбілхак, М.** Қазақ прозасының типологиялық мәселелері [Мәтін] / М. Әбілхак, Ж. Ж. Жарылғапов // Қарағанды уни-нің Хабаршысы. Филология Сер. 2016, № 1(81). – 45–50 б.

3 **Нұрғали, Р.** Сырлы сөз. Әдеби сын зерттеу [Мәтін] – Алматы : Жазушы, 2000. – 400 б.

4 **Есембеков, Т. У.** Драматизм и казахская проза [Текст] – Алматы : Ғалым, 1997. – 231с.

5 **Ордалиев, С.** Конфликт және характер [Мәтін] – Алматы : Жазушы, 1970. – 184 б.

6 **Жүсіпов, Қ.** Қазақ прозасындағы тартыс және жаңа адам. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Авторефераты [Мәтін] – Алматы, 1969. – 2

7 **Temirbolat, A.** Transformation of Novel's genre in modern literature [Text] / A. Temirbolat, R. Abdikulova, S. Kalkabaeva, A. Ospanova // Mediterranean Journal of Social Sciences. – 2015. – Vol. 6(4S2). – pp. 333–339.

8 **Ісімақова, А. С.** Қазіргі әдебиет пен әдебиетті зерттейтін қауым [Мәтін] – Алматы : Елтаным баспасы, 2015. – 344 б.

9 **Хамзина, К. М.** Қазақ повестеріндегі көркем уақыт және кеңістік. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Авторефераты [Мәтін] – Алматы, 2004.

10 **Балтабаева, Г.** Тәуелсіздік кезіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі [Мәтін] – Алматы : Дәстүр, 2016. - 284, [2] б.

11 **Мұсаев, А.** Қанатты қаламгер [Мәтін] – Ақтөбе : ПринтА, 2011. – 315 б.

12 **Досжанова, С.** Құдіретті қалам иесі [Мәтін] – Астана : Фолиант, 2014. – 318 б.

13 **Сейденова, С. Д.** Идейно-стилевые трансформации в новой Прозе Дуенбая Досжана [Текст] // Вестн.КазНУ. Сер. филологическая. – 2005. – № 6. – С.151–154.

14 **Nurgali, K.** Conflict and ways of individualising mass images in early Kazakh prose [Text] /K. Nurgali, S. Suleimenova, Y. Bogdanova // Journal of Language and Linguistic Studies. – 2021. – Vol. 17(3). – pp. 1277–1289.

15 **Orda, G.** The nature and human ecology in modern kazakh literature [Text] / G. Orda, Zh. Sarsenbayeva, R. Sultangaliyeva, N. Abilkhayirov, L. Mekebayeva // Utopía y Praxis Latinoamericana. – 2019. – Vol. 24. – pp. 78–88.

16 Словарь иностранных слов [Текст] – 13-е изд. – Москва : Русский язык, 1986. – 608 с.

17 **Досжан, Д.** Үрей. Қит.: Таңд. шығ. [Мәтін] – Алматы., 2009.

References

1 **Smagulov, Zh. K., & Torebekova, B.** Kazirgi qazaq prozasyndagy romantikalыq saryn [Romanticism in modern Kazakh prose] [Text] // Bulletin of Karaganda University. Philology series. – 2012 – № 2(66), – PP. 107–111.

2 **Abilkhak, M., & Zharylgapov, Zh.Zh.** Qazaq prozasynyn tıpolgiaalyq maseleleri [Problems of typology in the Kazakh prose] [Text] // Bulletin of Karaganda University. Philology series. – 2016 – № 1(81), – PP. 45–50.

3 **Nurgali, R.** Syrly soz. Adebı syn zertteu [Mysterious word. Literary criticism research] [Text] – Almaty : Zhazushy, 2000. – P. 400.

4 **Esembekov, T. U.** Dramatizm i kazahskaiia proza [Dramatism and Kazakh prose] [Text] – Almaty : Galym, 1997. – P. 231.

5 **Ordaliev, S.** Konflikt zhane kharakter [Conflict and character] [Text] – Almaty : Jazushy, 1970. – P. 184.

6 **Zhusipov, K.** Qazaq prozasyndagy tartys zhane zhana adam [Conflict and new man in Kazakh prose] [Text]: extended abstract of candidate’s thesis. – Almaty, 1969. – 2.

7 **Temirbolat, A., Abdikulova, R., Kalkabaeva, S, Ospanova, A.** Transformation of Novel’s genre in modern literature [Text] // Mediterranean Journal of Social Sciences. – 2015 – № 6(4S2), – PP. 333–339.

8 **Ismakova, A.** Kazirgi adebiet pen adebietti zertteitin qauym [Modern literature and literature studying community]. Almaty : Eltany Baspasy, 2015. – P. 344.

9 **Khamzina, K. M.** Qazaq povesterindegi korkem uaqyt jane kenistik [Artistic time and space in Kazakh stories] [Text] : extended abstract of candidate’s thesis. – Almaty, 2004.

10 **Baltabaeva, G.** Tauelsizdik kezindegi qazaq prozasynyn korkemdik alemi [The artistic world of Kazakh prose during Independence] [Text] - Almaty : Dastur, 2016. – P. 284, [2].

11 **Musaev, A.** Kanatty kalamger [A high flyer writer] [Text] – Aktobe : PrintA, 2011. – P. 315.

12 **Doszhanova, S.** Qudiretti qalam iesi [Owner of the mighty pen] [Text] - Astana: Foliant, 2014. – P. 318.

13 **Seidenova, S.** Ideino-stilevye transformatsii v novoi proze Duenbaia Doszhana [Ideological and stylistic transformations in Dukenbai Doszhan's New Prose] [Text] // Bulletin of KazNU. Philology series. – 2005 – № 6, – PP. 151–154.

14 **Nurgali, K., Suleimenova, S., Bogdanova, Y.** Conflict and ways of individualising mass images in early Kazakh prose [Text] // Journal of Language and Linguistic Studies. – 2021 – № 17(3), – PP. 1277–1289.

15 **Orda, G., Sarsenbayeva, Zh., Sultangaliyeva, R., Abilkhayrov, N., Mekebayeva, L.** The nature and human ecology in modern kazakh literature [Text] // Utopia y Praxis Latinoamericana. – 2019. – № 24. – PP. 78–88

16 Slovar inostrannyh slov – 13-e izd. [Dictionary of foreign words] [Text] – Moskva : Russkiy yazyk, 1986. – P. 608

17 **Doszhan, D.** Urei. Tand. shyg. [Thrill. Selected works] [Text] – Almaty, 2009

03.10.24 ж. баспаға түсті.

14.10.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. М. Смагулова¹, К. А. Толеубаева²*

^{1,2}Қарағандинский университет

имени академика Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда

Поступило в редакцию 03.10.24.

Поступило с исправлениями 14.10.24.

Принято в печать 25.11.24.

РОЛЬ ДРАМАТИЗМА КАК ЛИТЕРАТУРНО-ЭСТЕТИЧЕСКОЙ КАТЕГОРИИ В ЖАНРЕ ПОВЕСТИ

В статье всесторонне рассматриваются проблемы основной идеи, авторской позиции и тематического поля произведения в повести Д. Досжанана «Страх». В статье уделяется внимание драматизму, его возникновению, четким кульминационным моментам и факторам,

вызвавшим его. Известно, что человек не может жить вне общества. И даже выступая против основной позиции, он остается членом этого общества. Эта статья призвана показать противостояние добра и зла, которое находится в бескомпромиссной борьбе с момента сотворения человека, и вытекающие из него различные драматические коллизии, показывая познание, отношение, намерение, характер, интересы и действия каждого героя, то есть в тесной связи с ними, в органическом единстве. Драматические коллизии отражаются в противостоянии передовых и инновационных идеи в деятельности предприимчивых, квалифицированных, духовно высоких и чистых людей, а также в предательстве и коварстве во времена становления молодого, независимого государства, не имевшего опыта рыночных отношений с другими странами и работе исполнительной власти. В результате исследования была проведена соответствующая дифференциация системы художественных приемов, использованных писателем при изложении основной идеи читателю. Кроме того, были проанализированы особенности драматизма как литературно-эстетического понятия в жанре повесть.

Ключевые слова: понятие эстетики, типология, конфликт, жанр, аспекты преемственности, идейная направленность, гармония.

*A. M. Smagulova¹, K. A. Toleubaeva²

^{1,2}Karaganda University

named after Academician E. A. Buketov,

Republic of Kazakhstan, Karaganda

Received 03.10.24.

Received in revised form 14.10.24.

Accepted for publication 25.11.24.

THE ROLE OF DRAMATISM AS A LITERARY AND AESTHETIC CATEGORY IN NOVELS

The article comprehensively examines the problems of the main idea, the author's position and the thematic field of the work in D. Doszhan's novel «Urei». The article mainly focuses on dramatism, its emergence, clear climaxes and the factors that caused it. It is known that a person cannot live outside of society. And even opposing the main position, he remains a member of this society. This article is intended to show the confrontation of good and evil, which has been in an uncompromising struggle since the creation of man, and the various dramatic collisions resulting from

it, showing the knowledge, attitude, intention, character, interests and actions of each hero, that is, in close connection with them, in organic unity. Dramatic collisions are reflected in the confrontation of advanced and innovative ideas in the activities of enterprising, qualified, spiritually high and pure people, as well as in treachery and betrayal during the formation of a young, independent state that had no experience of market relations with other countries and the work of the executive branch. As a result of the work, a corresponding differentiation of the system of artistic techniques used by the writer when presenting the main idea to the reader was carried out. In addition, the features of dramatism as a literary and aesthetic concept in the novel genre were analyzed.

Keywords: concept of aesthetics, typology, conflict, genre, aspects of continuity, ideological orientation, harmony.

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz